Қарағанды облысындағы КЭС – екінші кезек

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жобаның нөмірі:
51655

Сала:
энергетика

Мемлекеттік/жеке сектор:
жеке

Экологиялық санаты:
B

Бекітілген күні:
23 маусым 2020 жыл

Жай-күйі:
бекітілді

Жобаның ағылшын тіліндегі түйіндемесі жарияланған күн:
30 маусым 2020 жыл

«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» директиваның 1.4.2 (iii) тарауына сәйкес: «Банктің оперативтік басшылығы оған Директорлар кеңесі бекітуге өкілеттік берген жағдайларда бекітетін жобалар үшін, жоба түйіндемесінің мазмұны ЕҚДБ құру туралы келісімнің 13 (iii) бабына сәйкес қарсылықтардың жоқтығы туралы хабарлама берілетін тиісті кезеңнің басында Банктің мүшесі – мемлекетке хабарланады».

Жобаның сипаттамасы

Қазақстанның орталық бөлігіндегі Қарағанды облысында қуаттылығы 76 МВт фотоэлектрлі күн станциясын жобалауға, салуға және пайдалануға арнап 24,9 млн еуро сомасында (қазақстандық теңгемен) кредит бөлу. Қаражат қуаттылығы 26 МВт бастапқы жобаның («Жоба») қосымша кезегін қаржыландыруға бағаттылатын болады.

Жобаның мақсаттары

Жоба Қазақстанға оның энергетикалық теңгерімінің құрылымында жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайту міндеттерін шешуде қолдау көрсетеді және Қазақстан үкіметі белгілеген 2020 жылғы қарай Қазақстанда ірі ГЭС-терді ескерусіз электр өндіру көлеміндегі 3% ЖЭК үлесі мақсаттық көрсеткішіне қол жеткізуге

ықпал ететін болады (2030 жылға қарай 10%-ға шығумен).

Өтпелі процеске әсері

Өтпелі процеске күтілетін әсердің балмен бағалануы: 70

Жобаның өтпелі процеске әсері Қазақстанға оның қазіргі уақытта көмір электр станциялары басым электр энергиясының көздерін әртараптандыруда, CO_2 шығарындыларын төмендетуде және Қазақстанның жаңартылатын энергетика секторында гендерлік инклюзивтілікті кеңейтуде жәрдемдесу есебінен қамтамасыз етіледі.

Клиент туралы ақпарат

«Қазсолар 50» ЖШС

«Қазсолар 50» ЖШС Қазақстанның орталық бөлігіндегі Қарағанды облысында қуаттылығы 50 МВт фотоэлектрлік күн станциясын және оның қуаттылығы 26 МВт қосымша кезегін жобалау, салу және пайдалану үшін Қазақстанда тіркелген арнайы заңды тұлға болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

11 млрд. 285 млн. 192 теңге

ЕҚДБ кредитінің сомасы – қазақстандық теңгемен 24,9 млн. еуро, ЖКҚ кредитінің сомасы – 11,54 млн. АҚШ долл., ЖТҚ – 3,1 млн. еуро.

Жобаның жалпы құны

26 млрд. 200 млн. 246 мың 272 теңге

Толықтырылуы

ЕҚДБ ұлттық валютада ұзақмерзімді кредитті нарық бойынша орташадан жоғары өтеу мерзімімен және Жобаны реттеушілік, институциялық және макроэкономикалық ахуалды, Covid-19-ға байланысты жағдайды және валюта айырбастау бағамдарының тұрақсыздығын ескерумен құрылымдау үшін қажет құрылыммен ұсынады. 2020 жылғы 15 наурызда Қазақстанда төтенше жағдай жарияланды, 2020 жылғы 19 наурызда Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, ал 2020 жылғы 30 наурызда – басқа да ірі қалаларда тұрғындар мен кәсіпорындар үшін карантиндік шектеулер енгізілді (төтенше жағдай кейіннен алынып тасталды, бірақ карантиндік шектеулерді қолдану жартылай жалғастырылуда). COVID-19 әсері мұнайға әлемдік бағаның құлдырауымен және Қазақстан экономикасындағы елеулі шиеленістермен тереңдей түседі. ЕҚДБ-ның соңғы макроэкономикалық болжалдары ЖІӨ-нің 3%-ға төмендеуін болжап отыр. Covid-19 пандемиясы туындатқан дағдарыс Қазақстанның әзірге туындау сатысындағы жаңартылатын энергетика секторына қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Институциялық саладағы белгісіздік жуырда енгізілген аукциондық жүйемен байланысты болып табылады, ол инвесторлардың сеніміне ие болу үшін сәтті жобалардың сындық массасын жинап, Covid-19 пандемиясы аяқталған соң жаңа жағдайларда өткізілетін тендерлерге қатысушылардың көп санын тартуы тиіс. Мұндай демонстрация аукциондар арқылы бөлініп қойылған жобалардың орындалуы созылып жатқанда, жуырда үкіметтің 2020 жылғы қарашада жаңартылатын энергетика қуаттарын салуға арналған аукциондар өткізу жоспарларын хабарлауы тұрғысынан маңызды.
Сондықтан ұсынылап отырған операция басқа жобалаушылар мен инвесторларды Қазақстанның жаңартылатын энергетика секторы пандемиядан кейінгі кезеңде іскерлік ынтымақтастық үшін ашық болып қала беретіндігінің қуатты белгісі болуы тиіс.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Жоба жер пайдалану және құрылыс жұмыстарын жүргізу мәселелерімен байланысты болып табылатын «төмен – орташа» тәуекел деңгейімен В санатына жатқызылған (2019 жылғы ЭӘС бойынша).
Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлер Банк қаржыландырған қуаттылығы 50 МВт фотоэлектрлік күн станциясына қосымша қуаттылығы 26 МВт энергия қуатын салумен байланысты болады, бұл елеулі экологиялық және әлеуметтік салдар туындатпайды, өйткені жұмыстар қолда бар объекті мен ол үшін бөлінген учаскенің шектерінде жүзеге асырылатын болады. Жоба Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасының шеңберінде 100 пайыздық жасыл құрамдастармен іске асырылады.
Банк мамандарының күшімен Клиент ұсынған экоәлеуметтік есептілікті зерделеудің негізінде қашықтан ЭӘКТ жүргізілді, ол Қазақстанның ҚОДЕҚ саласындағы заңнамасына және ЕҚДБ-ның IAT-на Жобаның сәйкестігін және тәуекелдерді барынша азайту іс-шараларын ендіру мен Жоба үшін экоәлеуметтік басқару жүйелерін құруда жеткілікті түрдегі ілгерілеу барын растады. Қосымша қуаттылықтар салу бойынша Жобаның ықтималды экологиялық және әлеуметтік әсерлері, негізінен, құрылыс жұмыстарын жүргізумен және стандарттармен және мердігерлердің еңбек қатынастары, денсаулықты және еңбекті қорғау және әлеуметтік аспектілер мәселелері бойынша әлеуетімен байланысты; сонымен, Демеушіге оның корпоративтік экоәлеуметтік стандарттарының жобалау деңгейінде толық орындалуын және алаңдағы тиісінше қадағалауды қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. ЭӘІЖ және жергілікті халықты қолдау жоспарының шеңберінде Компания жергілікті орындардағы қызметті қолдау үшін әрбір объект бойынша әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын құрады.
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары (МТӨІЖ) мен техникалық емес түйіндеме Жобаның жаңа компоненттері қосылып, пысықталады және Компанияның веб-сайтында жарияланады.
Жалпы алғанда, Компанияның Жобаны қалай орындап жатқаны Банкті қанағаттандырады және ЭӘКТ қорытындылары бойынша қолданыстағы ЭӘІЖ пысықтауды қажет етпейтінін растады. Клиент келісілген ЭӘІЖ-ды орындауды жалғастырады, ал экоәлеуметтік міндеттемелерді жалпы ұстануды Банк Қарыз алушының экоәлеуметтік есептілігінің көмегімен қадағалап отырады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Қарастырылмаған.

Компаниядағы байланыс үшін жауапты тұлға

Гребенников Евгений
evgeniy.grebennikov@goldbecksolar.com
+7 778 9170991
Қазақстан Республикасы, 101201, Қарағанды обл., Сарань қ., Жамбыл к-сі, 85В

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

30 маусым 2020жыл

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794
Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ӘӘС)

ӘӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды.

ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді.

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа

қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа колжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтында Сіз біздің құпия онлайн нысанымыз бойынша, электрондық пошта, пошта немеса телефон арқылы қалай Өтініш беруге болатының біле аласыз. ЖЕБТО Жобалар бойынша есеп беру саясытана және Жетекшілікке сәйкес келетін Өтініштер беру немесе оларды қарау жайлы Сізде туындауы мүмкін кез келген сұрақтарды талқылауға және оларға жауап беруге әзір. Сұраныс бойынша Өтінішкер тұлғасының құпиялылығын сақтауға болады.